

Бекітемін:  
Руководитель  
Д.Оспанова



Келісемін:  
Директордың ТЖ орынбасары  
З. Кененбаева




Ә/б отырысында  
қаралды:  
Хаттама №: 1. 04.09.23 м



***«Ю.А. Гагарин атындағы №7 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ  
1 «Ә» сыныбының 2023-2024 оқу жылына арналған  
тәрбие жұмыс жоспары***

***Сынып жетекшісі Кошанова Дана Талғатовна***



Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

- ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;
- халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;
- әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»** – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

#### **«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:**

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

#### **Міндеттері:**

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен

әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

#### **Күтілетін нәтиже:**

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

#### **Ұлттық құндылықтар: *ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.***

#### **Ұлттық мүдде құндылығы:**

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

#### **Күтілетін нәтижесі:**

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді

- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

#### **Ар-ұят құндылығы:**

- Академиялық адалдыққағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

#### **Күтілетін нәтижесі:**

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

#### **Талап құндылығы:**

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орнату білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

#### **Күтілетін нәтижесі:**

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;

- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

### **6-10 жастағы бала тәрбиесі**

*Ұсынылады:*

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;
- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;
- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;
- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;
- ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Саққұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде қолдану арқылы оның қолданым аясын кеңейту;
- әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

### **Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:**

- балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;
- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

### **Кешенді жоспарды іске асыруда:**

**Облыстық әдістемелік орталықтары мен кабинеттерінің әдіскерлері** «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруда педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетеді. Оқыту семинарлары мен тренингтер өткізеді.

**Жауапты мемлекеттік органдардың сертификатталған тренерлері** білім беру ұйымдарының педагогтары мен оқушыларына сыныптан тыс сағаттарын өткізеді, ата-аналар жиналыстары мен тәрбиелік іс-шараларын ұйымдастырады.

**Білім беру ұйымы (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру) басшысының (меңгерушінің, директорының) тәрбие жұмысы жөніндегі (әдіскері) орынбасары міндетті:**

- тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

- тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;
- тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;
- тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.

**Тәрбиеші, сынып жетекші және кураторлардың міндеттері:**

- салауатты өмір салтына ынталандыру;
- сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;
- білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;
- ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар);
- білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу;
- аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу.

**Кешенді жоспардың орындалуын бақылау мен басшылық жасау білім ұйымдарының бірінші басшыларына жүктеледі.**

Орындалған іс-шараларды әлеуметтік желілерде жариялау, #Біртұтас\_тәрбие хештегін тегтеу

## ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ

- 1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары
- 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар
- Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл
- Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл

№	Іс-шараның атауы	Мақсаты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Өткізілу мерзімі	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>						
1	«Жолда жүру ережелерін білесің бе?» («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	1-8 сыныптар	Тәрбие сағаты	11.01.23	Сынып сағатының жоспары/сценарий	сынып жетекші, жергілікті жол полициясының өкілдері
2	Білім беру ұйымдарының қатысуымен «Ұлы даланың – ұлтаралық тілі» қазақстан халқының тілдері күніне арналған іс-шаралар	1-11 сыныптар	Тәрбие сағаты	жеке жоспар бойынша	Қазақстан халқының тілдері күніне арналған акциялар, түрлі іс-шаралар	сынып жетекші
3	«Ақындар айтысы» (реализация национального-культурно просветительского проекта «Төрт тоқсан – төрт өнер») посвященное мероприятию День Республики РК	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Жеке жоспар бойынша	Сыныптан тыс іс-шара жоспары	сынып жетекші, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің МӘБ
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: АР-ҰЯТ</b>						



4	«Адал азамат – әділетті Қазақстан» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	18.09.23	Сынып сағатының жоспары	сынып жетекші, Құқық негіздері мұғалімдері
5	«Отбасылық дәстүрлер» («Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы)	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара Ата-ана сағаты	20.09.23	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары, ат-аналар жиналысының хаттамасы	сынып жетекші.
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП</b>						
6	1 қыркүйек - білім күні «Мектеп – мейірім мекені» («Өзіңе және өзгеге жақсылық жаса» жобасы)	1-11 сыныптар	Салтанатты жиын және сынып сағаттары	1.09.23ж	«Білімге ұмтылу, еңбексүйгішті және Отаншылдық» #Bilim_quni хэштегі	сынып жетекші
7	«Кітап – білім бұлағы» (Оқитын мектеп жобасы бойынша)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	25.09.23	Сынып сағатының жоспары	сынып жетекші
8	«Сәлем, жаңа оқу жылы» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-11 сыныптар	акция	Ай бойы	Акцияның жоспары	сынып жетекшілер, аға тәлімгер
9	«Ізгілікке қалам тартқан... жас ғұмыр» («Балалар кітапханасы» жобасы)	1-4 сыныптар	Кітапхана сағаты	Кітапхана	Сынып сағатының жоспары	сынып жетекші



10	Салауатты өмір салтын насихаттау және нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес: «Мектеп спорт апталығы», «Спорт ойындары күні» спорттық акция («Ұлттық мектеп лигасы» жобасы)	1-11 классы	Спорттық іс-шара	Жоспар бойынша	Спорттық іс-шара жоспары	дене шынықтыру мұғалімдері
----	---	-------------	------------------	----------------	--------------------------	----------------------------

### ҚАЗАН – АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

- 1 қазан - Қарттар күні
- 5 қазан – Мұғалімдер күні
- 25 қазан – Республика күні
- Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл
- Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл
- Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл
- Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл
- Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130 жыл
- Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Өткізілу мерзімі	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>						

1	«Жақұты барға жасын түспейді» («Балалар кітапханасы» жобасы)	1-11 сыныптар	Кітапхана сағаты	Тоқсан бойы	жоспар	сынып жетекші, кітапханашы
2	Қазақстан Республикасы күніне арналған салтанатты мереклік іс-шара	1-11 Сыныптар мұғалімдер	концерт	24.10.23	Республика күніне арналған іс-шаралар	сынып жетекші, музыка мұғалімі
3	«Қазақстан Республикасы күніне арналған тақырыптық сынып сағаты»	1-11 сыныптар	Сынып сағаты	23.10.23	Сынып сағаты жоспары	сынып жетекші
4	«Ақындар айтысы» («Төрт тоқсан – төрт өнер» ұлттық мәдени ағартушылық жобасы)	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Тоқсан бойы	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценаріі, хаттама	сынып жетекші
5	«Мемлекеттік Ән Ұран орындау» («Тоғыз айға тоғыз шара» жобасы)	1-11 классы	Мемлекеттік Әнұранды орындау	23.10.23	публикация	сынып жетекші, музыка пәні мұғалімдері
6	«Жас Ұлан» және «Жас Қыран» қатарына ресми қабылдау	1-11 сыныптар	Салтанатты сап түзу	24.10.23	Іс-шараны жариялау	сынып жетекшілер, аға тәлімгер
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: АР-ҰЯТ</b>						
7	«Бір отбасы – бір кітап» («Балалар кітапханасы» жобасы)	1-11 сыныптар	Акция	Ай бойы	«Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және Отаншылды	сынып жетекші

					к», #Bilim_quni хэштегі	
8	«Менің сүйікті ұстазым» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	9.10.23	Сынып сағаты жоспары	сынып жетекші
9	«Ұстаз! Сіздің алдыңызда » ұстаздар күніне арналған мерекелік іс-шара («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	1-11 Сыныптар мұғалімде р	Сыныптан тыс іс-шара	5.10.23	Ұстаздар күніне жасалған жоспар	сынып жетекші, аға тәлімгер, музыка мұғалімі
10	«Отбасылық дәстүрлер» («Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы)	Ата- аналар жиналысы	Жиналыс	23.10.23	хатта ма	, сынып жетекші, ПБ қызметкерлері, психологиялық қызмет
11	«Дос және достық» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	16.10.23	Сынып сағаты жоспары	, сынып жетекшілер
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП</b>						
12	Жол қауіпсіздігінің ережелері	1-4 сыныптар 5-8 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Жеке жоспар бойын ша	Сыныптан тыс іс- шара / сценарий жоспары	сынып жетекші, жергілікті басқарманың ІМ өкілдері
13	«Бес нәрсеге асық бол...» («Жеткіншектің Жеті Жарғысы»)	1-4 классы	Табиғи материалдард ан жасалған көрме ұйымдастыру және сурттер	2-13.10	Алтын күзді ұйымдаст ыру мен өткізу	сынып жетекші, аға тәлімгер, Мектеп Парламенті

			салы			
--	--	--	------	--	--	--

## ҚАРАША – ПОЭЗИЯ АЙЫ

➤ 15 қараша - Ұлттық валюта күні

➤ Күзгі демалыс

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Өткізілу мерзімі	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>						
1	«Ұлттық валюта – теңге» (Мектеп қабырғасындағы бизнес» жобасы)	1-11 сыныптар	Сынып сағаты	13.11.23	Сынып сағатының жоспары	музыка пәні мұғалімі, сынып жетекші
2	«Асық ату – қазақтың ұлттық ойыны» («Төрт тоқсан – 4 өнер» концепциясы бойынша)	2-4 сыныптар	Сынып сағаттар	13-15.11.23	Сынып сағатының жоспары	музыка пәні мұғалімі, сынып жетекші
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: АР-ҰЯТ</b>						
3	«Әкеге-ізет, анаға – құрмет» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	2-4 сыныптар	Сынып сағаты	06.11.23	Сынып сағаты жоспары	Сынып жетекші
4	«Жақұты барға жасын түспейді» (Мәшһүр - Жүсіп Көбеевтің туғанына 165 жыл)	1-11 сыныптар	Кітапхана сағаты	Тоқсан бойы	жоспар	кітапханашы
5	Отбасылық дәстүрлер -отбасылық құндылықтар»	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	20.11.23	Сынып сағаты жоспары	Сынып жетекші
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП</b>						

6	«Ұлы дала перзентімін» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шаралар	22.11.23	«Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» онкүндік жоспары	психологиялық қызмет, ПБ қызметкерлері
7	«Әлемді бағындырған жерлесіміз» «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы	2-4 сыныптар	Сынып сағаты	25.11.23	Сынып сағатының жоспары	сынып жетекші
8	Челлендж «Асық ату» («Тоғыз айға тоғыз шара» жобасы)	1-11 сыныптар	Челлендж	17.11.23	Республикалық челлендж	дене шынықтыру пәні мұғалімі

### ЖЕЛТОҚСАН – «ҚАЗАҚСТАН - ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»

➤ 16 -17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

№	Іс-шараның атауы	Мақсаты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Өткізілу мерзімі	Аяқталу нысаны	Жауаптылар
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>						
1	«Көк тудың желбірегені» мемлекеттік әнұранды орындау («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	1-11 сыныптар, педагогикалық ұжым	Сыныптан тыс іс-шара	15.12.23	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценарі	сынып жетекші, АӘД пәні мұғалімі

2	«Қазақстан – біртұтас жер, біртұтас халық,	1-4 сыныптар	Сынып сағаты, қалалық мұражайға, кітапханаға экскурсия	04.12.23	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші
3	«Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!» («Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы)	1-11 сыныптар	Салтанатты жиын	15.12.23	іс-шараның жоспары	сынып жетекші,
4	«Көк тудың желбірегені» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	1-11 сыныптар	Сынып сағаты	15.12.23	Сынып сағатының жоспары	сынып жетекші
5	ҚР Тәуелсіздігі күніне арналған қойылымдық әндердің облыстық байқауы	Жоспар бойынша	Іс-шараның жоспары	Жоспар бойынша	басылымдар	музыка мұғалімі
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: АР-ҰЯТ</b>						
6	«Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» («Тоғыз айға тоғыз шара» жобасы)	1-11 сыныптар	Ата-аналар жиналысы	28.12.23	хаттама	сынып жетекші
7	Мейірімділік құндылығы (Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	18.12.23	Сынып сағаты жоспары	сынып жетекші
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП</b>						
8	Жаңа жылдық іс-шараларды ұйымдастыру.	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	25-28.12.23	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценаріі	музыка пәні мұғалімі, мектеп парламенті



**ҚАҢТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД» айы»**

➤ *Қысқы демалыс*

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Өткізілу мерзімі	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>						
1.	Туған өлке ақындарының шығармалары («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы) «Оқитын мектеп»	1-11 сыныптар	Кітапханалық сағат	15-19.01.24	Қалалық кітапханаға саяхат	сынып жетекшілер
2.	«Мен оқыған бір ертегі» (Проект «Оқуға құштар мектеп»)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	08.01.2024	Сынып сағатының жоспары	сынып жетекшілер кітапханашы
3	«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы «Ұлттық Мектеп Лигасы» жобасының іске асырылуы	1-6 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	жеке жоспар бойынша	Іс-шараның жоспары, басылымдар	сынып жетекшілер, үйірме жетекшілері
4	«Ұлттық мұраны қазақ тілін ұлықтау»	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	08.01.24	Сынып сағаты жоспары	сынып жетекшілер
5	«Қазақ есебі» челленджі («Тоғыз ай 9 іс-шара» тұжырымдамасы бойынша)	1-11 сыныптар	Республикалық челлендж	26.01.2024	Сайттарға публикация	математика пәнінің мұғалімдері
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: АР-ҰЯТ</b>						
6	«Қыз намысы – ұлтнамысы» (Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысы)	Аналар	Аналар жиналысы	жеке жоспар бойынша	Жиналыс хаттамасы,	сынып жетекшілер,

	бойынша)	мектеб і			сайттарға басылым	психолог, әлеуметтік педагог
7	«Әкеңнің төріне сенбе, еткен еңбегіне сен (Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысы бойынша)	Әкеле р клубы	Әкелер жиналысы	жеке жоспар бойынша	Жиналыс хаттамасы, сайттарға басылым	сынып жетекшілер, психолог, әлеуметтік педагог
8	«Адал Ұрпақ» клубының жұмысы аясында Білім беру ұйымдары үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт жобасын әзірлеу («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	1-11 сыныптар	«Адал Ұрпақ» клубының жұмысы	29.01.2023	хаттама	сынып жетекшілер «Адал Ұрпақ» клубының жетекшісі
9	«Отбасылық таланттар»	1-9 сыныптар	Сынып сағаты	29.01.2024	Сынып сағатының жоспары	сынып жетекшілер
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП</b>						
10	«Қалдықтарды табысқа айналдырамыз» (Проект «Еңбегі адал жасөрен»), в рамках концепции «Төрт тоқсан-төрт өнер»	1-4 сыныптар	қалдықтардан бұйымдар жасау	22.01.24	Дайын бұйымдар презентация сы	сынып жетекшілер
11	Жолда жүру ережесінің қауіпсіздігі	1-8 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Жеке жоспар бойынша	Сыныптан тыс іс-шара жоспары	сынып жетекшілер Жергілікті ЖЖІ басқаратын өкілдер
12	«Қысқы демалыс» тұжырымдамасын іске асыру	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Қысқы демалыс уақыты	Әлеуметтік желіге басылым	сынып жетекшілер

13	«Денсаулық және дұрыс тамақтанудың мәдениеті» (Күнделікті пайдалы тағам) жобасы бойынша)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	22.01.24	Сынып сағаты жоспары	сынып жетекшілер
----	--	--------------	--------------	----------	----------------------	------------------

### АҚПАН - ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Өткізілу мерзімі	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>						
1	«Мақал – сөздің азығы, жұмбақ ойдың қазығы»	1-9 сыныптар	Сынып сағаты	05.02.2024	Сынып сағатының жоспары	сынып жетекшілер
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: АР-ҰЯТ</b>						
4	«Менің отбасымның «Эрмитажы» (үйдегі суреттер, қолөнер бұйымдары туралы әңгіме) («Қолөнер шеберханасы» жобасы аясында)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	26.02.2024ж	Сынып сағатының жоспары Сайттарға публикация	сынып жетекшілер
6	«Үйрен жақсы әдептен...»	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	12.02.2024	Сынып сағаты жоспары	сынып жетекшілер
7	«Болашақты бірге құрамыз!» спорттық кездесу кеші	Оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар командасы	Спорттық кездесу	23.02.2024ж	Сайттарға басылымда р	дене шынықтыру мұғалімдері, ата – аналар
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП</b>						

8	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Біз бірге оқимыз!» республикалық челленджі («Тогыз ай 9 іс-шара» тұжырымдамасы»)	1-11 сыныптар	Республикалық челлендж	28.02.2024ж	Бейнеролик дайындау Сайттарға публикация	сынып жетекшілер
10	«Мектептегі мінез-құлық ережелері» («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	19.02.2024	Сынып сағаты жоспары	сынып жетекшілер
11	Жолда жүру ережесінің қауіпсіздігі	1-8 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Жеке жоспар бойынша	Сыныптан тыс іс-шара жоспары	сынып жетекшілер Жергілікті ЖЖІ басқаратын өкілдер

### НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ айы

- 1 наурыз – Алғыс айту күні
- 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
- 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы
- 27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні

№	Іс-шараның атауы	Аудитория	Өткізу формасы	Өткізілу мерзімі	Аяқтау нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>						
1	«Алғыс айту – адамның адамгершілік ниетінің бастауы»	1-11 сыныптар	Науқан	жеке жоспар бойынша	Бейнеролик түсіру, сайтқа публикация	Сынып жетекшілер, қамқорлық фракциясы

2	«Қош келдің, әз-Наурыз» («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	1-11 сыныптар	Сынып сағаты	18.03.2024	Сынып сағаты жоспары	сынып жетекшілер
3	«Ұлттық киім -ұрпаққа аманат»	1-11 сыныптар ұстаздар	Мектепшілік челлендж	20.03.2024	Бейнеролик түсіру, сайтқа публикация	сынып жетекшілер
4	«Ұлттық өнер» көрме («Төрт тоқсан – төрт өнер» тұжырымдамасы бойынша)	1-8 сыныптар	Көрме жұмыстары	18.03.2024	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценариі	сынып жетекшілер, еңбек мұғалімдері
5	«Домбырашылар» челленджі («Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасы бойынша)	1-11 сыныптар	Республикалық челлендж	17.03.2024	Сайттарға публикация	сынып жетекшілер, музыка мұғалімі
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: АР-ҰЯТ</b>						
6	«Ана өмірдің шырағы» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	Аналар клубы мүшелері	Шағын концерт	Даналық мектебі жоспары негізінде	Аналарды құрметтеу, сайттарға публикация	сынып жетекшілер, аға тәлімгер, музыка мұғалімі
7	«Аяулы менің анашым»	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	04.03.2024	Сынып сағаты жоспары	сынып жетекшілер
8	«Атадан өсиет, анадан – қасиет» (тыйым сөздердің мағынасы) («Ата-аналар мектебі» жобасы)	1-4 сыныптарда а ата-аналар	Бастауыш сыныптарда ата-аналар жиналысы	25.03.2024	Хаттама	сынып жетекшілер

		жиналысы				
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП</b>						
9	«Жарқ ете қалсам, найзағай болып...» («Балалар кітапханасы» жобасы)	1-4 сыныптар	Кітапханалық сағат	07.03.2024	Кітапханалық сағат жоспары, публикация	сынып жетекшілер, кітапханашы

### СӘУІР– ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ АЙЫ

➤ 12 сәуір - Ғылым күні

№	Іс-шараның атауы	Мақсаты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Өткізілу мерзімі	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>						
1	«Сөз қадірі – өз қадірің» («Жеткіншектің жеті жарғысы»)	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	18.04.2024	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары	аға тәлімгер, сынып жетекшілер
2	Степногорск қаласының 60 жылдығына арналған «Туған өлкем – мақтанамын өзіңмен!» атты шығармашылық есеп концерті	Мектеп оқушылары, мектеп ұжымы,	Фестиваль, шығармашылық	19.04.2024	Әлеуметтік желілерге жариялау,	ұжымы, аға тәлімгер, сынып жетекшілер, музыка мұғалімі,

		ата-аналар қауымы	есеп концерті			хореографтар
3	1 мамыр - Қазақстан халықтарының бірлігі күніне арналған «Ұлттар достастығы» іс-шарасы («Балалар кітапханасы» жобасы )	1-11 сыныптар	Сынып сағаты	29.04.2024	Сынып сағатының жоспары	сынып жетекшілер
4	12 сәуір – Ғарышкерлер күніне арналған суреттер байқауы	1-4 сыныптар	Суреттер байқауы	12.04.2024	Жеңімпаздарды анықтау, сайтқа публикация	аға тәлімгер, сынып жетекшілер
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: АР-ҰЯТ</b>						
5	«Отбасыммен бірге өткізген қуанышты күндерім!» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	01.04.2024	Сынып сағатының жоспары	сынып жетекшілер
6	«Зиянды әдеттер және олардың денсаулыққа әсері» («Жеткіншектің жеті жарғысы»)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	22.04.2024	Сынып сағатының жоспары	сынып жетекшілер
7	«Тиімді әрі пайдалы тамақтану негізі» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	Аналар клубы жмүшелері	Кездесулер ұйымдастыру	13.04.2024	Кездесу нәтижесі, сайтқа публикация	дене шынықтыру мұғалімдері, әкелер клуб мүшелері
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП</b>						
8	«12 сәуір - Ғылым күні»	1-11 сыныптар	Сынып сағаты	08.04.2024	Сынып сағатының	сынып жетекшілер



					жоспары	
9	«Табиғат тамашалары» («Экологиялық туризм» жобасы)	1-9 сыныптар	Сынып сағаты	15.04.2024	Сынып сағатының жоспары	сынып жетекшілер
10	Спорт ардагерлерімен достық кездесулер (шығармашылық матчтар) өткізу	Әкелер клубы мүшелері	Кездесулер ұйымдасты ру	05.04.2024	Кездесу нәтижесі, сайтқа публикаци я	дене шынықтыру мұғалімдері, әкелер клуб мүшелері
11	«Таза аула» акциясы	1-11 сыныптар	Мектеп ауласы	11.04.2024	Әлеуметтік желілерге жариялау	сынып жетекшілер, экологиялық фракция мүшелері
12	«Шахмат ойнау» челленджі («Тоғыз айға 9 іс- шара» тұжырымдамасы аясында)	1-11 сыныптар	Республикал ық челлендж	12.04.2024	Бейнероли к түсіру, сайтқа жариялау	дене шынықтыру мұғалімдері

### МАМЫР – КЕЛІСІМ МЕН БЕЙБІТШІЛІК АЙЫ

- 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні мерекесі
- 7 мамыр- Отан қорғаушылар күні
- 9 мамыр – Жеңіс күні
- 31 мамыр – Саяси қуғын сүргін құрбандарын еске алу күні
- Композитор, тарихшы, философ, жазушы, поэт Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдас-ты ру түрі	Өткізілу мерзімі	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>						
1	«Жас Ұлан» және «Жас Қыран» қатарына қабылдау	1-11 сыныптар	Салтанатты сап түзу	Жеке жоспар бойынша	Салтанатты сап түзеу Әлеуметтік желіде жариялау	аға тәлімгер
2	«Жеңіс деген шат күлкісі баланың» ( <i>«Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы</i> )	1-11 сыныптар	Сынып сағаты	06.05.2024	Сынып сағаты жоспары	сынып жетекшілер
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: АР-ҰЯТ</b>						
3	«Отбасы FEST» фестивалі Халықаралық отбасы күні ( <i>«Ата-аналар мектебі» жобасы</i> )	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	13.05.2024	Сынып сағаты жоспары	сынып жетекшілер
4	«Менің гүлзарым» ( <i>«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында</i> )	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	15-19.05	Жоспары	сынып жетекшілер, биология мұғалімдері
5	«Ұстазға алғыс» хат жазу челленджі	1-11 сыныптар	Ұстазға алғыс айту хаттарын жазу	21.05.2024	Сайтқа публикация	Аға тәлімгер, мектеп парламенті өкілдері
6	15 мамыр - Халықаралық отбасы күніне арналған «Денсаулық Fest» іс-шарасы ( <i>«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы</i> )	1-11 сыныптар	Спорттық іс-шара	15.05.2024	Іс-шара нәтижесі, сайтқа	сынып жетекшілер, дене

					публикация	шынықтыру мұғалімдері
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП</b>						
7	Төртінші тоқсанның және оқу жылының қорытындысы. Оқушыларды жазға еңбегі мен демалысын ұйымдастыру	1-11 сыныптар	Жалпымектептік, сыныптық, ата аналар жиналыстары	13-24.05	Хаттамалар	сынып жетекшілер
8	Қауіпсіз жаз. Жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері	1-11 сыныптар	Нұсқаулықпен таныстыру	Сынып сағаттында	Нұсқаулықтар	сынып жетекшілер
9	«Менің жазға қойған мақсаттарым»	1-9 сыныптар	Сынып сағаты	20.05.2024	Сынып сағаты жоспары	сынып жетекшілер
10	«Жасыл мекен» челленджі ( <i>«Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасы аясында</i> )	1-11 сыныптар	Республикалық челлендж	12.05.2024	Бейнеролик түсіру, сайтқа жариялау	сынып жетекшілер
11	«Туған өлкем» фестивалі аясында «Eso-bolashak» іс-шарасы ( <i>Төрт тоқсан 4 өнер тұжырымдамасы бойынша</i> )	1-11 сыныптар	Республикалық іс-шара	Тоқсан бойы	аббаттандыру, көгалдандыруларды бейнероликке түсіру, сайтқа жариялау	сынып жетекшілер

